



РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК

Положение
о студенческом парламенте
КГУ им. Ш. Уалиханова

СМК П 4.07 - 2018

Издание 1

стр.1 из 14



СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА КАЧЕСТВА


ПОЛОЖЕНИЕ

О СТУДЕНЧЕСКОМ ПАРЛАМЕНТЕ КГУ ИМ. Ш. УАЛИХАНОВА

СМК П 4.07 - 2018

Рег. № 148
Дата введения 26.11.2018

Кокшетау

| | | | |
|--|---|--------------------------|--------------------|
|  | РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК | СМК П 4.07 - 2018 | Издание 1 |
| | Положение о студенческом парламенте КГУ им. Ш. Уалиханова | | стр.2 из 14 |

1. Қолдану саласы

Осы Ереже Ш.Уәлиханов атындағы КМУ Студенттік парламентінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін және құрылу тәртібін айқындайды.

Осы Ереженің талаптарын орындау Студенттік парламенттің барлық мүшелері үшін міндетті.

Осы Ереже сапа менеджмент жүйесінің құжаттар құрамына енеді.

2. Жалпы Ережелер

2.1 Студенттік парламент (бұдан әрі- СП) Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-нің студенттік өзін-өзі басқарудың өкілдік органы болып табылады.

2.2 Парламенттің мемлекеттік тілдегі атауы: КМУ-нің Студенттік парламенті. Прламенттің ресми тілдегі атауы: Студенческий парламент КГУ им. Ш. Уалиханова

2.3 СП қызметі еріктілік, оған қатысушылардың тең құқылығы, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық қағидаттарына негізделеді.

2.4 СП өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының "Коммерциялық емес ұйымдар туралы", "қоғамдық бірлестіктер туралы", "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, сондай-ақ осы Ереже мен СП регламентінің негізінде жүзеге асырады.

3. Студенттік парламенттің мақсаттары мен міндеттері

3.1 СП-нің негізгі мақсаттары:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға жәрдемдесу;

- студент жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, студент жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезінде олардың бастамаларын ұсыну;


- жастардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға ықпал ету;

- қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық қызметтің түрлі салаларында жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;

- жастардың өзін-өзі басқаруын дамыту;

- жастардың азаматтық, әлеуметтік және мәдени әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

3.2 СП өз қызметінің негізгі мақсаттарына сәйкес өз алдына келесі міндеттерді қояды:

| | | | |
|--|---|--------------------------|--------------------|
|  | РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК | СМК П 4.07 - 2018 | Издание 1 |
| | Положение о студенческом парламенте КГУ им. Ш. Уалиханова | | стр.3 из 14 |

- студенттік жастарға патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие беру, интеллектуалдық, шығармашылық және дене бітімінің дамуы, оның студенттік бастамаларын, ғылыми және шығармашылық әлеуетін іске асыру бойынша Университеттің басқа да қоғамдық жастар бірлестіктерімен СП-нің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

- студент жастарда белсенді өмірлік ұстанымды, университеттің, қаланың, облыстың, республиканың қоғамдық-саяси өміріне қатысуға дайындығын қалыптастыру;

- жастар саясаты саласында ақпараттық-талдау және кеңес беру қызметін жүзеге асыруға жәрдемдесу.

- түрлі қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдерін тарта отырып, жастар мәселесі бойынша тыңдаулар, дөңгелек үстелдер, конференциялар ұйымдастыру және бастамашылық жасау;

- СП депутаттарында көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдыларын, саяси мәдениет негіздерін дамыту.

4. СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТТІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚҰРУ ТӘРТІБІ

СП құрамы:

4.1 Ш. Уалиханов КМУ-нің күндізгі оқу бөлімдерінің 2 және 3 курс студенттері және магистранттар СП депутаттары бола алады.

4.2 Факультеттер СП құрамына екі кандидатты жібереді.

4.3 Парламент мүшелерінің өкілдік мерзімі – сайлаған сәттен бастап 2 жыл.


4.4 Парламентке сайлауды Парламенттің үйлестірушісі жариялайды.

4.7 СП өкілеттігі бірінші сессия ашылған сәттен басталады және жаңа шақырылған СП бірінші сессиясы жұмысының басталуымен аяқталады.

4.8 СП төрағасының лауазымына кандидатуралар Ш. Уалиханов КМУ ректоратымен ұсынылады.

4.9 СП төрағасы лауазымына кандидаттарға депутаттар жиналысының алдында сөз сөйлеу құқығы беріледі. Сөз сөйлеу уақыты 5 минутқа дейін. Кандидат сөз сөйлегеннен кейін депутаттар оған сұрақтар қоюға, кандидатура бойынша өз пікірін білдіруге, ұсынылған кандидатураны "жақтап" немесе "қарсы" үгіттеуге құқылы. СП төрағасы лауазымына кандидатқа депутаттардың сұрақтарына жауап беру үшін 10 минутқа дейін уақыт беріледі. Кандидатураны талқылау үшін 15 минутқа дейін уақыт беріледі.

4.10 Кандидатураны талқылау бөлінген уақыт өткеннен кейін немесе депутаттардың ұсынысы бойынша жиналыстың шешімімен тоқтатылады.

| | | | |
|--|---|--------------------------|--------------------|
|  | РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК | СМК П 4.07 - 2018 | Издание 1 |
| | Положение о студенческом парламенте КГУ им. Ш. Уалиханова | | стр.4 из 14 |

4.11 СП төрағасы лауазымына ұсынылған кандидатура жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге енгізіледі, оны төрағалық етуші жария етеді.

4.12 Жасырын дауыс беруді өткізу және оның нәтижелерін анықтау үшін жиналыс СП депутаттарының арасынан үш адамнан тұратын Есеп комиссиясын сайлайды. Жиналыс есеп комиссиясын сайлау туралы қаулыны депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды.

4.13 Есеп комиссиясы құпия дауыс беру нәтижелері туралы хаттама құрады, оған Есеп комиссиясының барлық мүшелері қол қояды.

4.14 Дауыс беру кезінде жоқ болған СП депутаты өз дауысын кейін бере алмайды.

4.15 Егер жасырын дауыс беру нәтижесінде СП төрағасы лауазымына кандидат жалпы депутаттар санының көпшілік дауысын алса, ол СП төрағасы лауазымына сайланды деп есептеледі.

4.16 СП төрағасының сайлануы туралы қаулы қабылданып, оған отырысқа төрағалық етуші қол қояды.

4.17 СП төрағасы сайлағаннан кейін алғашқы отырысты СП төрағасы жүргізеді.

5. Студенттік парламенттің құзыреті

5.1 СП құзыретіне жатады:

- Ш. Уалиханов КМУ студент жастары, СП депутаттарының мүдделерін білдіру және қорғау;

- студенттердің мүдделерін қозғайтын жалпы университеттік бағдарламаларды, жоспарларды, іс-шараларды әзірлеуге қатысу;

- жастар саясаты саласындағы мәселелерді шешуге бағытталған қоғамдық ұйымдардың (кәсіподақ комитеті, ЖІК, АСК) перспективалық жұмыс жоспарларын және университеттің бағдарламаларын орындауға қатысу;

- Парламент депутаттарының дауыс беруге қатысқан кемінде 80% - ы қолдаған жағдайда, осы Ережеге өзгерістер енгізу;

- студенттік қоғамдық ұйымдардың, өзін-өзі басқару органдарының өзара іс-қимылын ұйымдастыру;


- тұрақты комиссиялар мен СП өзге де органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, Парламенттің жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу.

5.2 Студенттік парламенттің құқықтары мен міндеттері:

Жарғылық мақсаттарды іске асыру үшін СП-ның құқығы бар:

- өз қызметі туралы ақпаратты еркін таратуға;

- өз құқықтарын, студенттер мүдделерін білдіруге және қорғауға;

| | | | |
|--|---|--------------------------|--------------------|
|  | РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК | СМК П 4.07 - 2018 | Издание 1 |
| | Положение о студенческом парламенте КГУ им. Ш. Уалиханова | | стр.5 из 14 |

- университеттің қоғамдық өмірінің түрлі мәселелері бойынша бастамалар жасау;
 - заңдарда тыйым салынбаған және жарғылық мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға бағытталған кез келген басқа қызметті жүзеге асыру;
 - өзекті жастар мәселелері бойынша семинарлар, кеңестер, конференциялар, съездер мен кездесулер ұйымдастыру және өткізу;
 - өз қызметіне ғылыми мекемелерді, ақпараттық орталықтарды, басқа да мамандандырылған ұйымдарды, ғалымдар мен мамандарды, СП міндеттеріне қол жеткізуге мүдделі басқа тұлғаларды тарту;
 - Ақмола облысының аумағында орналасқан жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен ақпарат алмасу, мақсаты СП міндеттерімен сәйкес келетін іс-шараларға қатысу;
 - университетте, қалада, облыста жастар саясатын жүзеге асыруға бағытталған ақпараттық-талдау, кеңес беру және басқа да қызметтерді жүргізу;
 - өз құзыреті шегінде СП қызметінің міндеттерін іске асыруға бағытталған өзге де әрекеттерді жүзеге асыру.
- СП жыл сайын ректоратты өз қызметінің нәтижелері туралы хабардар етуге міндетті.


6. Студентік парламенттің жұмыс тәртібі

- Парламент өз регламентін бекітеді, онда мынадай мәселелер бекітіледі:
- СП құзыреттерін;
 - СП-нің ішкі құрылысын және органдарын;
 - СП төрғасын сайлау тәртібін;
 - Парламент төрағасын, оның орынбасарын, хатшысын, комиссия төрағаларын сайлау өкілеттігі мен тәртібін;
 - СП жұмысының жалпы тәртібін;
 - СП сессияларын шақыру тәртібін;
 - СП сессияларының күн тәртібін бекіту тәртібі, отырыс хаттамасын енгізу тәртібі, сессия барысында тәртіпті қамтамасыз ету, шешімдерді қарау және қабылдау тәртібі, дауыс беру тәртібі;
 - регламентке түзетулер енгізу тәртібін.

7. СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

7.1 Басқару органдары:

СП депутаттарының жалпы жиналысы СП жоғары басқарушы органы болып табылады. Жалпы жиналыс қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет жиналады. Депутаттардың жалпы жиналысының

| | | | |
|--|---|--------------------------|--------------------|
|  | <p>РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК</p> | <p>СМК П 4.07 - 2018</p> | <p>Издание 1</p> |
| | <p>Положение о студенческом парламенте КГУ им. Ш. Уалиханова</p> | | <p>стр.6 из 14</p> |

шешімдері, егер оларға СП-ның бар депутаттары санының жартысынан астамы дауыс берсе, заңды.

Кезектен тыс жалпы жиналыс төмендегілердің шешімі бойынша шақырылу мүмкін:

- Председателя СП төрағасының;

- СП-ның әрекеттегі депутаттар санының 1/3. Жалпы жиналыс СП қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. СП төрағасы, төрағасының орынбасары және хатшысы жалпы жиналыста қатысушы СП мүшелері санының көпшілік дауысымен 2 жыл мерзімге сайланады.

СП төрағасының, төраға орынбасарының және хатшысының өкілеттіктері регламентте айқындалады. Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатады:

- СП туралы Ережені бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- СП төрағасын, төраға орынбасарын және хатшысын сайлау және олардың құзыреттерін мерзімнен бұрын тоқтату;

- СП құрамына сайлау өткізу туралы ережені бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- БК депутаттарын шығару;

- қайта құру және тарату туралы мәселелерді шешу.

Қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша, СП туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдерді, егер оларға СП-ның жұмыс істеп жүрген депутаттары санының кемінде 3/4 білікті көпшілігі дауыс берсе, СП жалпы жиналысы қабылдайды.

7.2 Қызметті ұйымдастыру:

- СП өз өкілеттіктерін сессияларда, тұрақты комиссиялар мен өзге де органдар, сессия төрағасы, депутаттар мен СП төрағасы, орынбасары арқылы Парламент регламентінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

- СП шешімдері ұсынымдық сипатта болады;

- СП қажет болғанда, қабылданған шешімдерді Ректорат, Ғылыми кеңес қарауына жібереді.


7.3 СП сессияларын шақырту тәртібі:

СП сессиялары қажет болғанда, бірақ тоқсанда кем дегенде бір рет өткізіледі.

СП сессияларын өткізу тәртібі және СП құрылымы СП қабылдаған Регламентпен айқындалады.

СП жұмысының негізгі бағыттары бойынша оның құрамында комиссиялар мен жұмыс топтары құрылу мүмкін.

СП бірінші сессиясы СП құрамы бекітілгеннен кейін 14 күннен кешіктірмей өткізіледі; Кезектен тыс сессияны СП-ға сайланған депутаттар

| | | | |
|--|---|--------------------------|--------------------|
|  | РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК | СМК П 4.07 - 2018 | Издание 1 |
| | Положение о студенческом парламенте КГУ им. Ш. Уалиханова | | стр.7 из 14 |

санының кемінде үштен бірінің ұсынысы бойынша СП сессиясының төрағасы шақырады және жүргізеді.

Кезектен тыс сессия кезектен тыс сессияны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірілмей шақырылады.

Кезектен тыс сессияда оны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін.

7.4 Сессияны жүргізу тәртібі

СП-ның бірінші сессиясын СП төрағасы ашады және жүргізеді. Кейін СП сессияларын СП төрағасы жүргізеді.

Егер сессияға СК депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды.

Шешімдер СК депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

Сессия ұзақтығын СП анықтайды.

СП сессиялары университеттің басқару органдары өкілдерінің мүмкін қатысуымен, ашық түрде өткізіледі.

7.5 Сессия төрағасы

СП сессиясының төрағасы депутаттар қатарынан 2 жыл мерзімге СП-мен сайланады;

Сессия төрағасы ашық дауыс беру арқылы депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

Кезекті сессияның төрағасы СП-ның алдыңғы сессиясында сайланады.

Сессия төрағасы болмаған жағдайда оның өкілеттігін СП Төрағасы жүзеге асырады.

Сессияны шақыру туралы шешім қабылдайды.

Сессияға дайындықты жүзеге асырады, СП төрағасымен келісіп, сессияның күн тәртібін құрады.

Сессия отырыстарын жүргізеді, регламент сақталуын қамтамасыз етеді.


Егер сессияда дауыс беру кезінде депутаттардың дауысы тең бөлінген жағдайда, сессия төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

7.6 Тұрақты комиссияларды ұйымдастыру және олардың қызметі

- СП өз өкілеттігінің мерзіміне тұрақты комиссиялардың құрамын қалыптастырады және бекітеді, олардың саны бестен аспауға тиіс.

1. Оқу комиссиясының төрағасы міндетті:

- топтардың оқу жұмысын қадағалауға;
- өз комиссиясы мүшелерінің жұмысын үйлестіруге;
- оқу комиссиясы отырыстарын циклограммаға сәйкес ұйымдастыруға;
- жалпы студенттер үлгерімі бойынша материалды (білім сапасы, үлгерім) тоқсан сайын дайындап, үлгермейтін студенттерді отырыстарға есеп беруге шақыртуға;
- практикадан өту туралы ақпаратты (бағалар, санаттар) дайындауға;

| | | | |
|--|---|--------------------------|--------------------|
|  | РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК | СМК П 4.07 - 2018 | Издание 1 |
| | Положение о студенческом парламенте КГУ им. Ш. Уалиханова | | стр.8 из 14 |

- студенттік парламент төрағасы болмаған жағдайда, оны алмастыруға;
- мамандық бойынша оқу олимпиадаларына, конкурстарға, КТК-ға қатысу үшін оқу комиссиясының төрағаларын ұйымдастыруға;
- студенттік өзін-өзі басқару активтерінің ай сайынғы Жалпы жиналыстарына, өткен кезеңдегі қызметі туралы есептермен және алдағы жоспарлармен қатысуға.

2. Шаруашылық-тұрмыстық комиссия төрағасы міндетті:


- жатақханалардың шаруашылық-тұрмыстық сектор төрағаларының жұмысын үйлестіруге;
- циклограммаға сәйкес шаруашылық-тұрмыстық комиссия отырыстарын ұйымдастыруға;
- университет пен жатақхана ғимараттары бойынша студенттер кезекшілігі кестелерін құруға қатысуға, осы кезекшіліктер сапасын қадағалауға;
- факультеттерге оқу ғимараттарын жинау аумағын бекітуге қатысу;
- студенттерді толық тазалау жұмысына, сенбіліктерге ұйымдастыру;
- студенттік өзін-өзі басқару активтерінің ай сайынғы жалпы жиналыстарына, өткен кезеңдегі қызметі туралы есептермен және алдағы жоспарлармен қатысуға.

3. Спорт-сауықтыру комиссиясының төрағасы орындауға міндетті:

- Спорт-сауықтыру комиссиясы отырыстарын циклограммаға сәйкес ұйымдастыруға;
- спартакиадалар, турнирлер және спорт-сауықтыру бағыттағы өзге де бұқаралық шараларға қатысуға;
- студенттік өзін-өзі басқару активтерінің ай сайынғы жалпы жиналыстарына өткен кезеңдегі қызметі туралы есеппен және алдағы жоспарлармен қатысу.

4. Мәдени-демалу комиссиясы төрағасы орындауға міндетті:

- студенттердің мәдени-демалу әрекеттерін жоспарлауға және ұйымдастыруға қатысуға;
- факультеттер мен жатақхалардың мәдени-демалу секторларының жұмысын үйлестіруге;
- мәдени-демалу комиссиясы отырыстарын циклограммаға сәйкес ұйымдастыруға;
- университетте және одан тыс жерде өткізілетін конкурстарға, көрмелерге өтінімдер қабылдауға қатысуға;
- университеттегі әлеуметтік және патриоттық бағыттағы дәстүрлер жасауға және қолдауға қатысуға;
- студенттік өзін-өзі басқару активтерінің ай сайынғы жалпы жиналыстарына өткен кезеңдегі қызметі туралы есеппен және алдағы жоспарлармен қатысуға міндетті.

| | | | |
|--|---|--------------------------|--------------------|
|  | <p>РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК</p> | <p>СМК П 4.07 - 2018</p> | <p>Издание 1</p> |
| | <p>Положение о студенческом парламенте КГУ им. Ш. Уалиханова</p> | | <p>стр.9 из 14</p> |

5. Ақпараттық комиссия төрағасы орындауға міндетті:

- университет жұмысының жоспарын ай сайын зерделеп, онымен Парламент мүшелерін және оқу топтарының өзін-өзі басқару кеңестері төрағаларын таныстыруға;
- факультеттердің ақпараттық секторлары төрағаларының қызметін үйлестіруге;
- ақпараттық комиссия отырыстарын циклограммаға сәйкес ұйымдастыруға;
- университеттің барлық іс-шараларының бейне және фото түсірілімдерін жасауға көмектесуге;
- университет сайтындағы "Студенттік Парламент" бөлімінде қажетті ақпаратпен уақытылы толықтырылуын қадағалау;
- студенттік өзін-өзі басқару активтерінің ай сайынғы жалпы жиналыстарына, өткен кезеңдегі қызметі туралы есептермен және алдағы жоспарлармен қатысу.

Қажет болған жағдайда СП жаңа тұрақты комиссиялар құра алады, тарата алады және қайта құра алады.

Тұрақты комиссиялардың төрағалары мен мүшелері СП депутаттары арасынан сайланады.

Тұрақты комиссиялар оларды сайлаған СП алдында жауапты, өз қызметі туралы тоқсанда бір рет есеп береді.

7.7 СП төрағасы

Төраға депутаттардың арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен сайланатын және сессияда қызметтен босатылатын адам болып табылады. Төраға 2 жыл мерзімге сайланады.


Төраға лауазымына кандидатураларды СП депутаттары жалпы жиналыста ұсынады.

СП төрағасы:

- СП депутаттарына олар өздерінің құзыреттерін жүзеге асыруға көмектеседі, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді;
- СП депутаттарына депутаттық өтініштер дайындауға көмектеседі;
- СП-ге сайлаушылар өтініштері және олар бойынша қабылданған шаралар туралы ақпаратты ұсынады;
- тұрақты комиссияның қызметін үйлестіреді;
- студенттік қоғамдық бірлестіктерде СП мүдделеріне өкілдік етеді.

СП төрағасының СП тұрақты комиссияларында болуға құқығы жоқ. Төраға болмаған кезде оның өкілеттігін СП төрағасының орынбасары уақытша жүзеге асырады.

Студенттік Парламент төрағасы орындауға міндетті:

| | | | |
|--|---|--------------------------|---------------------|
|  | <p>РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК</p> | <p>СМК П 4.07 - 2018</p> | <p>Издание 1</p> |
| | <p>Положение о студенческом парламенте КГУ им. Ш. Уалиханова</p> | | <p>стр.10 из 14</p> |

- Ш. Уәлиханов атындағы КМУ Жарғысын сақтауға, Ш. Уәлиханов атындағы КМУ-нің тәрбие жұмысы тұжырымдамасы аясында жұмыс істеуге;

- университеттің басқарушы органдарының шешімдерін орындайды;
- СП жұмысын жоспарлайды;
- СП жоспарын орындау бойынша жұмысты ұйымдастырады;
- сессияны және оның қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауды ұйымдастырады, хаттама жасалуын қамтамасыз етеді және сессия төрағасымен бірге сессияда қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды;

ұйымдастырады, хаттама жасалуын қамтамасыз етеді және сессия төрағасымен бірге сессияда қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды;

-СП алдында, ректорат алдында жылына кемінде 2 рет атқарылған жұмыс туралы есеп беруге, СП жұмысы туралы жылдық жазбаша есеп беруге;

- жаңа студенттік парламент сайлауын ұйымдастыруға міндетті.

СП төрағасының өкілеттері төмендегі жағдайларда мерзімнен бұрын тоқтатылады:

- университеттен шығарылғанда;
- СП құзыреттері тоқтатылғанда;
- төраға қайтыс болғанда;
- ол Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылса;
- басқа оқу орнынан ауысса;
- төрағаның өз міндеттерін жүйелі түрде орындамауы, оның ішінде СП отырыстарында қатарынан екі реттен артық болмауы;

- төрағаның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім СП сессиясы төрағасының ұсынысы бойынша қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен СП сессиясында қабылданады.


7.8 СП депутаты

СП депутаты өз сайлаушыларының еркін білдіреді.

Депутаттың өкілеттігі ол ОСК СП депутаты ретінде тіркелген кезден басталады және СП өкілеттігі тоқтатылған кезден бастап тоқтатылады. Депутаттың өкілеттігі басқа адамға берілмейді.

Депутат құзыреттері мерзімнен бұрын төмендегі жағдайларда тоқтатылады:

- университеттен шығарылғанда;
- СП құзыреттері тоқтатылғанда;
- төраға қайтыс болғанда;
- ол Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылса;
- басқа оқу орнынан ауысса;
- депутаттың өз міндеттерін жүйелі түрде орындамауы, оның ішінде СП отырыстарында қатарынан екі реттен артық болмауы;

| | | | |
|--|---|--------------------------|---------------------|
|  | РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК | СМК П 4.07 - 2018 | Издание 1 |
| | Положение о студенческом парламенте КГУ им. Ш. Уалиханова | | стр.11 из 14 |

- депутат өз міндеттерін жүйелі түрде орындамауы, оның ішінде СП отырыстарында қатарынан екі реттен артық болмауы;

- депутаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдер СП төрағасының ұсынысы бойынша қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен СП сессиясында қабылданады.

Депутаттың құқықтары және міндеттері

Депутат құқылы:

- сессия төрағасын, СП төрағасын, тұрақты комиссияның мүшесі немесе төрағасын сайлауға және төраға болып сайлануға;

- СП және оның тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының сессияларында қарау үшін мәселелер ұсыну, оларды қарауға және шешімдер қабылдауға қатысу;

- СП құзыретіне жататын мәселелер бойынша құрылымдық бөлімшелердің басшыларына сауалдар мен өтініштер жолдауға;

- сайлаушылармен кездесулер мен жиналыстар өткізуге;

- СП және оның органдары отырыстарының стенограммаларымен және хаттамаларымен танысуға;


- депутаттық топтар түрінде депутаттық бірлестіктер құру. Депутаттық топ кемінде бес депутатты біріктіруге тиіс. Депутаттық топтарды тіркеу сессияда жүзеге асырылады. Депутаттық топтардың өкілеттігі, қызметін ұйымдастыру регламентпен айқындалады.

Депутат міндетті:


- СП және оның құрамына сайланған органының жұмысына қатысуға;

- сайлаушылармен тұрақты байланыс орнатуға, оларды СП жұмысы, оның тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының қызметі, СП шешімдерінің орындалуы туралы үнемі хабардар ету;

- оған келіп түскен сайлаушылардың өтініштерін қарауға.

| | | | |
|--|---|--------------------------|---------------------|
|  | РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК | СМК П 4.07 - 2018 | Издание 1 |
| | Положение о студенческом парламенте КГУ им. Ш. Уалиханова | | стр.12 из 14 |

8. Студенттік парламенттің қызметін тоқтату

| | | | |
|---|---|--------------------------|---------------------|
|  | РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК | СМК П 4.07 - 2018 | Издание 1 |
| | Положение о студенческом парламенте КГУ им. Ш. Уалиханова | | стр.12 из 14 |

- вновь избранный СП с момента открытия первой сессии по истечении пяти дней не определил свою структуру и не образовал соответствующие органы;

- принятия решения о самороспуске на открытом голосовании не менее чем двумя третями голосов от общего числа его депутатов; при систематическом осуществлении деятельности, противоречащей уставным целям.

9. Порядок внесения изменений

Предложения по изменению и дополнению Положения вносятся депутатами СП в письменном виде в Совет СП. Собрание по представлению Совета рассматривает эти предложения и принимает по ним решения. Изменения и дополнения в Положение о СП считаются принятыми, если за них проголосовало не менее 2/3 присутствующих депутатов СП. Далее предложения по изменению выносятся на рассмотрение органов управления университета.

Внесение изменений в Положение производится на основании приказа ректора в соответствии с требованиями СМК ДП 01.

10. Согласование, хранение, рассылка

Проект Положения согласовывается с проректором по социально-культурному развитию, руководителем УСПАиМК, юристом и оформляется в «Листе согласования».

Ответственность за хранение, тиражирование и рассылку возлагается на руководителя УСПАиМК.

РАЗРАБОТАЛ:

Руководитель отдела ВР:



Ваганова Н.А.



РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК

Положение
о студенческом парламенте
КГУ им. Ш. Уалиханова

СМК П 4.07 - 2018

Издание 1


стр.14 из 14

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

1.01-02 н.

Танысу парағы

| Лауазымы | ТАӨ | Дата | Қолы |
|----------|-----|------|------|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

| | | | |
|--|---|--------------------------|---------------------|
|  | РГП на ПХВ «Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова» МОН РК | СМК П 4.07 - 2018 | Издание 1 |
| | Положение о студенческом парламенте КГУ им. Ш. Уалиханова | | стр.15 из 14 |

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |